

қайда жатқанын енді-енді топшылай бастаған Төбел сонда да әкесіне: «ондайдың реті әмбе келе бере ме...» дегендей еді. бірақ Әбекең тағы да киіп әкетті:

- Былқ етпе, балам. Сондай бір әңгімені сен де соқала. Алда-жалда оның арқауын пысытып, ажарын енгізе түскің келеді екен, онда шекесіне «повесть» деп жаз да қолынан келетін біреуге беріп түзетті. «Гонорарын» деп ақша төле. Ал повесің қолыңа тиген соң «роман» деп таңба соқ та, оны тағы бір елтіге бер. Романның ізіне салып, кеңейтіп, жөндесін. «Гонорарын» төле. Ақша аяма.

- Оншама ақшаны қайдан ала бермекпін сонда?

- Аңғаусың, Төбелжан. Барыңды бер. Қарыз ал. Романыңды баспаға өткіз, басып шығарсын.



- Баса қойса жақсы ғой.

- Баспай қойса, бұдан былай маған сөлем берме. Ойбай-ау, жылына бір кітап шығарып жүргендер қаншама? Білеміз оның қандай романдар басып шығарып жатқанын. Сен үшін емес, өзі үшін басады. Ақша, ақша дейсің. Пішендей қалың ақшаға жақындап келе жатқаныңды да сезбейсің.

- Түсіне алмадым, көкесі.

- Иә, түсінбейсің, Төбелім. Ендеше, тыңдай бер, түсіндірейін. Сен енді романыңның басылып шыққанын күтпе, осындағы газет-журналға, тіпті сонау орталықтағы қалың журналдарға да, үзінділер (түгел басса тіпті жақсы) айда. Ол онымен тұрсын. Енді бір пысықайды тауып, онымен пайда-шерік болда, романның қолжазбасын пьесаға айналдыр. Бұдан арғы жерде оны киносценарийге көшіру оп-оңай. Екеуінің арасы тиіп тұр. Бұл екі ортада романың да баспадан шығып үлгереді. Ақша деген осы.

Төбелдің ақылы алтау, ойы жетеу. Басқа да емес, жанашыр әкенің айтқандары иланымды сияқтанса, екіншіден, түстің жоруына ұқсайды, ал

жазушы болып шыға қалу үміті көз ұшында атой бере көлбеңдеп: «Е, не де болса байқап көрмесің бе» дегендей болады. Баласы осындай алабұртумен отырғанда әке атты әріге айдай түсті:

- Әңгіме осымен бітті екен деме, батыр. Әлі жарым ортада жүрміз. Ендігі кезекте романды басқа тілге аударту мәселесі тұр. Орысшаға баспаның өзі-ақ аудартады, оған сен алаң болма. Басқа ұлттар тіліне ше? Рас, бұл жағы қиындау. Ол мәселені әр жазушы әр қилы жолмен өз бетінше шешіп жүр. Осылай болғаннан кейін, амал жоқ, сен өзiрге Европа жағын қоя тұр, алдымен анау өзіміздің Қарақалпақстанға барып қайт. Романыңды сондағы баспада істейтін беделді бір жазушыға бер. Қарақалпақ тіліне аудартсын. Сен «башна-баш» деп оның бір шығармасын ала қайт та, оны қазақ тіліне аудар. Бұлай деп отырған себебім - бұл екі тіл біріне бірі өте ұқсас. Қиналмайсың. Тек оның некен-саяқ кездесетін «гражданская война» деген сияқты жеке сөздерін қазақшалай білсең болды. Мінеки, жазушылықтың кең жолына шықты деген осы. Ақша жағың-пішен. Жетіп жатыр, біле білсең. Саған ең керегі де осы емес пе? Ал атақ жағыңды одан әрі жетілдіре түсем десең, жас жазушылардың шығармасына анда-санда алғы сөз жазып қой. Жамандам, асыра мақтап та жіберме. «Жаңа-жаңа үдеп келеді. Келешегі мол. Күні ертең қазақ әдебиетінің тізгінін ұстап қалуы да ықтимал» дей сал. Осыдан соң-ақ «тізгіннен» демелілер сені ұстаз тұтып, төбесіне көтере бастайды.

Ендігі қалған тек мемуар ғана, өзің туралы жазатын болғандықтан, ол қиын да нәрсе емес. Және көріп те жүрсің, қалам ұстаған екiнiң бiрi мемуар жазып шығарып жүр. Сен кімнен кемсің? Солай, Төбелжан. Саған айтар ақыл-өсиетім де, берер батам да осы. Тәңірім тек бағыңды ашсын!..

Сол күннің ертеңіне нағашысы Өндембек көңілін сұрай келгенде Өбдібек әлгі Төбеліне айтқан өсиетін оған да бастан-аяқ баяндап шыққан еді, онысын нағашысы ұнатқан жоқ. Оны жерден алып, жерге салды. Бірақ жиен өзінікін мақұлдап дес бермеді:

- Сен өзің не айтып отырсың? Мұнан не адамға, не қоғамға келер зиян қайсы? Дүниеге тағы бір бесаспап жазушы келсе, ол әдебиетке бағалы үлес қосып, оқырмандар мен көрермендерді рухани азықпен сусындатса, содан артық не керек?!

Күйіп-пісіл не істерін білмеген Өндембек бұдан әрі шыдай алмады:

- «Қыран баласы қырымға қарайды, ит баласы жырымға қарайды»! Күшігінді «тура» жолға салған екенсің өлмей тұра тұр... қызығын көр! - деді де үйден шығын жүре берді.

«Бір кісінің ішіне бір-ақ аяқ ас сияды». Адам тек бір ғана өз ақылымен алысқа бара алмайды. Жан-жағыңда не болып, не қойып жатыр - соны қадағала. Білгеннен ақыл ал, елпіден әдіс-айла үйрен. Мұнсыз жерде - алған білімің де серік емес...»

Өбдібек баласы Төбелге айтар ақылын осылайша алыстан жаяулай келіп бастады.

- Институт бітіргеніңе үш жыл болды. Кәне, сонымен не тындырдың? Анда бардың, мында бардың, күні бүгін ешнәрсенің басын ұстай алған жоқсың? Рас па?

Төбел үндемеді.

- Үндемейсің... Менің түрім болса мынау: төсек тартып жатып қалдым. Айтқаным айтқан: басқаны қой да, жатпай-тұрмай жазушылықты куза.

- Жазушы?..

- Иә, кәдімгі жазушы. Шошыма. Бүгінде әдебиеттің қай түрінен не жазбақ болсаң да: әңгіме, повесть, роман, пьеса, киносценарий - осының бәрінің де үлгісі, соқасы салулы. Сайрап тұр. Күн сайын кітаптан оқып та, экраннан көріп те жүрсің. Мәселе бір тақырыпты

# ӘКЕСІНІҢ АҚЫЛЫ

алып, соның төңірегіне тапқан-таянғаныңның басын құрап соқалай білуде. Арғы жағы оңай.

- Ол үшін талант керек қой...

- Ештеңенің де керегі жоқ. Ұмтыл, талпын - талант деген сол. Сен өзің әлгі Достанбай дейтіннің «Майлы бармақ» атты әңгімесін оқыдың ба? Медеттің «Құтты құрығын» ше?

- Оқыдым.

- Оқыған екенсің, сонда не байқадың? Айталық, Достанбай колхоздың бір сиырдан үш мың литр сүт сауған озат сауыншысының тәжірибесін әңгіме етті. Медет ше? Совхоздың жүз биеден жүз құлын алған жылқышысының тәжірибесін сөз етті. Ақырында Достанбай сауыншы мен ферма бастығын айтыстырып, ауыл шаруашылығы басқармасына жүгініске апарған еді, Медет - жылқышы Саптыаяқов пен совхоз директорын шайнастырып, ауаткомның алдынан бір-ақ шығарды. Көрдің бе, еліктеу, «соқалау» дегеннің не екенін, оған қандай жолмен бару керек екенін. Талант-талант дейсің.

Бұл сияқты «қитұрқының» төркіні